

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫ
№7 «ЕРКЕТАЙ» БӨБЕКЖАЙ-
БАЛАБАҚШАСЫ
031100, Хромтау қаласы
Әуезов көшесі, 12А
Тел.8 (71336) 59-322,
Факс: 8 (71336) 21153

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ХРОМТАУСКИЙ РАЙОН
ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ САД
№7 «ЕРКЕТАЙ»
031100, город Хромтау
улица Ауэзова, 12А
Тел.8 (71336) 59-322,
Факс: 8 (71336) 21153

Бұйрық №39

2021 жыл, 28 тамыз
Хромтау қаласы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» негізінде педагогтердің педагогикалық әдеп сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру мақсатында

Бұйырамын:

1.№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК педагогикалық әдеп және педагогтің құқықтарын қорғау, педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі,профилактикасы және оның алдын алу мақсатында төмендегі педагогикалық әдеп жөніндегі консультативтік кеңес құрылсын.

Консультативтік –кеңесші органның жетекшісі ретінде балабақша әдіскері И.А.Джанадилова тағайындалсын.

Төмендегі қызметкерлердің құрамы жасақталсын:

- 1.Муринова Қ.М.-мүшесі
- 2.Дүйсенбина Б.О.-мүшесі
- 3.Райымбаева Т.Б.-мүшесі
- 4.Мурзагулова К.-мүшесі
- 5.Уразалина Г.А-мүшесі
- 6.Сарсекова Г.К.-мүшесі
- 7.Акузакова Г.С. -хатшы

Осы бұйрықты орындалуын қадағалау өз міндетіме қалдырамын..

«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»

МКҚК-ның меңгерушісі:

Алдрапекова М.Т.

Бұйрықпен таныстым:

Джанадилова И.А

Дүйсенбина Б.О.

Райымбаева Т.Б.

Мурзагулова К.

Уразалина Г.А.

Сарсекова Г.К.

Акузакова Г.С.

Бекітілді
 №7 «Еркетай» бөбекжай-
 балабақшасының меңгерушісі:
 Алдрапекова М.Т. 
 Бұйрық № 39-н/қ 28.08.2021ж.



№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының
 педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары
 2021-2022 оқу жылы

№	Отырыс тақырыбы	Қатысушылар санаты	Жауаптылар
ТАМЫЗ			
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 1 отырысы: 1. «Педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстыру 2. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары 3. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы	Кеңес мүшелері	Төраға
ҚАРАША			
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы: 1. «Педагогикалық әдеп қағидалары" бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің негізгі міндеттері мен өкілеттіліктері туралы 2. Педагогтердің қоғамда, әлеуметтік желілердегі өзін-өзі ұстау тәртібі, сөйлеу мәдениеті мен әдеп нормаларын сақтау туралы	Кеңес мүшелері	Кеңес мүшелері
АҚПАН			
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы: 1. Педагогикалық әдепті қалай сақтаймыз	Кеңес мүшелері	Кеңес мүшелері

	2.Педагогикалық әдепті бұзу 3.Қандай сыйлықтарды қабылдауға болады 4.Не үшін педагогты сыбайлас жемқорлыққа кінәлауы мүмкін		
МАМЫР			
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы: 1.2021-2022 оқу жылындағы Кеңес қызметінің қорытындысы» педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 4 отырысы 2. ББ басшысына педагогтерді көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу. 3. Қатысу - қорытынды ата-аналар жиналыстарында; - қорытынды педагогикалық кеңесте. БҰ қызметкерлерінің қызметтік және қызметтік емес уақытта этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау, БАҚ пен әлеуметтік желілерді бақылау	Кеңес мүшелері	Кеңес мүшелері
ОҚУ ЖЫЛЫ ІШІНДЕ			
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің кезектен тыс отырыстары	Кеңес мүшелері	Кеңес мүшелері
2	Кеңестің қызметі туралы ақпаратты БҰ сайтында, әлеуметтік желілердегі парақшаларда орналастыру	Кеңес мүшелері	Кеңес мүшелері
3	БАҚ-пен өзара әрекеттесу: мақалалар жариялау, кеңес қызметі туралы есептер, педагогикалық этика мәселелері	Кеңес мүшелері	Кеңес мүшелері

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**

Өткізілу күні: 28.08.2021 ж.

Қатысқандар саны: 28

Кеңес төрағасы: М.Т.Алдрапекова

Хатшы: Г. Акузакова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп қағидалары» туралы (меңгеруші М.Т.Алдрапекова);
2. ҚР-сы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645 қаулысымен бекітілген «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы туралы (әдіскер И.А.Джаналилова).

1) Жиналысты балабақша меңгерушісі Алдрапекова Мадина Темешовна ашып, жиналысқа қатысушы педагогтарды күн тәртібі бойынша қаралатын «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» айтып түсіндірді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 ақпанда № 13038 болып тіркелген. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген. Меңгеруші Алдрапекова Мадина Темешовна негізгі міндеттері мен өкілеттіктеріне тоқталайып, түсіндіріп өтті.

2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары

5. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас

жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады.

4) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу:

педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік туғызады;

5) кәсіби ынтымақтастық:

педагог мамандық мәртебесі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалім беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Педагог, қандай да бір дұрыс емес нәрселерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек беруге жәрдем көрсетеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

б) үздіксіз кәсіби даму.

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

6. Педагог қызметкер өз қызметінде:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;

2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;

3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;

4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдіру мен белсенді түрде айналысады;

5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;

6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;

7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;

8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;

9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;

10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады.

7. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кезкелген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады;

3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;

4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді.

8. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;

2) басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді.

2) Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер И.А.Джанадилова ҚР-сы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645 қаулысымен бекітілген «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы туралы айтып, бірнеше баптарға тоқталып, мазмұнын түсіндірді.

Педагог мәртебесі

1. Қазақстан Республикасында педагогтің ерекше мәртебесі танылады, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

2. Білім беру саласында кәсіптік қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ұйыммен еңбек қатынастарында болған кезеңде адам педагог мәртебесіне ие болады.

3. Педагог лауазымдарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5-бап. Педагогтік әдеп

1. Педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

2. Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.

3. Педагогтік әдепті білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

7-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы**

Өткізілу күні: 23.11.2021 ж.

Қатысқандар саны: 29

Кеңес төрағасы: М.Т.Алдрапекова

Хатшы: Г. Акузакова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп қағидалары» бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің негізгі міндеттері мен өкілеттіліктері туралы (*меңгеруші М.Т. Алдрапекова*);
2. Педагогтердің қоғамда, әлеуметтік желілердегі өзі-өзі ұстау тәртібі, сөйлеу мәдениеті мен әдеп нормаларын сақтау (*кеңес мүшесі К.Мурзагулова*).

ТЫНДАЛДЫ:

1.М.Т.Алдрапекова –кеңес төрағасы:

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметің ұйымдастыруды анықтайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері, функциялары және өкілеттіктері

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету;
- 2) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;
- 3) педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз құзыреті шегінде:

- 1) өз отырыстарында білім беру ұйымдарының педагогтері мен өзге де тұлғаларын тыңдауға;
- 2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратуға;
- 3) білім беру ұйымының педагогтері мен өзге де тұлғаларынан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етуге;
- 4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізуге;
- 5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайтуға, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогтерді педагогикалық әдепті бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдар енгізуге;
- 7) педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

3. Кеңес қызметін ұйымдастыру

5. Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жыл.
6. Кеңес төрағадан, хатшыдан және Кеңес мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және бес адамнан кем болмауы тиіс.
7. Кеңес жергілікті атқарушы органдардың, ата-аналар қоғамдастығының, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың және өзге де тұлғалардың өкілдерінен тұруы тиіс.
8. Кеңес құрамын білім беру ұйымының қамқоршылық (байқау) кеңесі сайлайды. Қамқоршылық (байқау) кеңесі жоқ білім беру ұйымдарында кеңестің құрамын педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының пікірін ескере отырып, білім беру ұйымының әкімшілігі қалыптастырады.
9. Білім беру ұйымының әкімшілігі кеңесті қалыптастыру кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.
10. Кеңестің жұмыс органы білім беру ұйымының әкімшілігі болып табылады.
11. Кеңес құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.
12. Кеңес құрамына:
 - 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
 - 2) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;
 - 3) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылығы үшін жұмыстан босатылған;
 - 4) бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;
 - 5) азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар кіре алмайды.

13. Білім беру ұйымының басшысы, білім беру ұйымының басқару, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлері кеңес құрамына енгізіле алмайды.

14. Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.

15. Кеңестің төрағасы мен мүшелері:

1) Кеңестің жұмыс жоспары және отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысуға;

3) Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

16. Кеңес мүшесі өзіне жүктелген функцияларды орындау кезінде әділ және объективті болуға тиіс.

17. Кеңес мүшесінің қызметі осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда тоқтатылады.

18. Кеңестің шешімі бойынша Кеңес мүшесі оның құрамынан:

1) уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болған, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылған, демалыста, іссапарда болған уақытты қоспағанда, Кеңес отырыстарына жыл ішінде үш реттен артық қатыспаған;

2) Кеңес мүшесінің Кеңес құрамынан шығу туралы тілек білдіруі;

3) Осы Қағидалардың 20-тармағының талаптары сақталмаған жағдайда шығарылуы мүмкін.

19. Кеңес отырысы:

1) егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады;

2) қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

20. Кеңес мүшесі тәртіптік іс бойынша талқылауға және дауыс беруге, егер ол, не онымен бірге тұратын жақын туыстары өзіне қатысты тәртіптік іс қозғалған адаммен туыстық қатынастармен байланысты болса, не аталған адамға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса, қатыса алмайды. Кеңес мүшесі тиісті іс бойынша талқыланғанға және Кеңес дауыс бергенге дейін осы мән-жайлар туралы Кеңес мүшелеріне хабарлайды.

21. Кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.

22. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің бірі төрағаның міндеттерін атқарады.

23. Кеңес отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

24. Педагогке қатысты тәртіптік іс:

1) еңбекке уақытша жарамсыздық;

2) демалыста немесе іссапарда болған;

3) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;

4) даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде уақытша тоқтатылады.

25. Хатшы тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдарға Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы хабарлау жөнінде шаралар қабылдайды.

Тәртіптік істі Кеңес отырысында қарау, егер олар кеңес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланған болса, тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдардың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

26. Осы Қағидаларда тиісті хабарлау деп адамды хатпен, тапсырыс хатпен немесе жеделхат арқылы хабардар ету танылады, ол өзіне немесе онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолхат арқылы не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып тапсырылады.

27. Отырыста педагогтің тәртіптік жауапкершілігін қарау кезінде Кеңес келесі мәселелерді шешеді:

1) педагогтің тәртіптік жауапкершілігін қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

2) бұл әрекет (әрекетсіздік) тәртіптік теріс қылық болып табылады ма және ол заңнаманың қандай нормаларын бұза отырып жасалған;

3) бұл теріс қылықты педагог жасады ма;

4) педагогтің осы теріс қылықты жасауда кінәсі бар ма;

5) педагогті тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімі сақталған ба;

6) педагогке қандай жаза қолдану ұсынылады.

28. Тәртіптік істі қарау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады:

1) білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсыну;

2) тәртіптік істі тоқтату.

2. *К.Мурзагулова – кеңес мүшесі:*

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып тәрбиелеуде жаңаша ұйымдастырумен көкейкесті мәселе болып отыр. Біздің ең басты мақсатымыз сапалы білім, саналы тәрбие беру. Мұғалім өзіне жүктелген осы абыройлы міндетті жүзеге асыру жолында қолданылатын амал-тәсілдер құрамынан этика елеулі орын алады.

Педагог этикасы – мұғалім мен бала ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық бірінші принцип: дұрыс амандасу. Сәлем сөздің анасы деп бекер айтылмаса керек, кім болса да ең алдымен амандасу, ол адамның көрегенділігін, білімділігін, мәдениеттілігін көрсетеді.

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Т.Раймбаева – кеңес мүшесі:

Педагогикалық этика деген кең ауқымды мағына. Ұстаз деген абыройлы атаққа лайықты болу үшін-педагог жан-жақты білімді болып қана қоймай, сондай-ақ әділ де әдепті, қарапайымда кішіпейіл, бауырмал да қайырымды, қысқасы, жоғарғы саналы азамат болуы тиіс деген сөз. Әрине, бұл әбден орынды, солай болуымыз абыройлы міндет.

Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше ақыл ой мәдениетіне жету қиын. Ұлы педагог А.С Макаренко айтады: бала сіздің еркінізде, мәдениетіңізді жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек. Сөйлеу кезінде адамның адамгершілік қасиеттері, ерік-жігері мен

қажыр-қайраты немесе жалтақтық, жағымпаздығы да айқын аңғарылып тұрады. Педагогтің дауыс ырғағы балаларға түрліше әсер етеді.

Б.Дүйсенбина – кеңес мүшесі:

Педагог мамандығы ерекше болғандықтан, ол әрдайым көпшіліктің алдында. Сонымен имидж – педагог бойындағы таланттың жан-жақты ашылып, жарқырап көрінуі, өзі туралы жақсы пікірдің қалыптасу жолы. Әрбір педагог өз имиджін өзі жасау керек, бұған киім тандауы да жатады. Ұстаз имиджіндегі басты құрал, оның даусы, дауыс ырғағы, оны сабақта қолдана білуі. Балалармен қарым-қатынас жасауда сөйлесе білу, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру ұстаз біліктілігінің басты көрсеткіші. Сонымен педагог имиджі – бұл ішкі және сыртқы мазмұн бірлігі. Әр ұстаз имиджі тек өзіне тән педагогикалық стильде қалыптасады. Педагог имиджі педагогикалық техника ретінде қарастырылады. Әлемдік өркениеттің стандарттарын ұсынатын американдық психологтардың пікірінше, тамаша табыс феномені – адамның имиджі оның мансабымен тікелей сабақтас. Егер олай болмаса, қолдан жасалған имидждің көмегі тимесі анық. Сондықтан да кәсіби мамандығын жан-жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленеді.

КЕҢЕС ШЕШІМІ:

1. № 7 „Еркетай“ бөбекжай-балабақшасының жанынан құрылған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысында Педагогикалық әдеп кеңесінің негізгі міндеттері мен өкілеттіліктер басшылыққа алынсын.
2. Педагогтердің арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін ұстану назарға алынсын.

Кеңес төрағасы:

М.Т.Алдарпекова

Хатшысы:

Г.Акузакова

